

## **Ертіс ауданы Қоскөл ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 1-22-1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 маусымда № 6414 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ертіс ауданының Қоскөл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 23 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Қоскөл ауылдық округінің әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Қоскөл ауылында "Селетинская" көшесі "Сілеті" көшесіне, "Приозерная" көшесі "Жағалау" көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*Б. Қажахатов*